

Археология, этнология және музееология кафедрасы

Факультетини Т.Рышми к
ама № 3 «29 кыргызск
айы» Байгуу

бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары

«6B02210 Археология» білім беру бағдарламасы


Алматы 2025 жылы

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: Ақымбек Е.Ш.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасы: «6B02210 Археология» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленген.

Археология, этнология және музеология кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды

«_02_» _09_ 2025 ж., хаттама №_1_

Кафедра меңгерушісі  Жуматаев Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
академиялық комитеттің төрайымы

 Бижанова М.Т.
«_05_» _09_ 2025 ж., хаттама №_1_

Кіріспе

Студенттер «Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениет пен өркениет» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.

3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Кіріспе: «Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениет пен өркениет» пәнінің мақсаты, міндеттері және дереккөзі.
2. Ұлы Жібек жолының қалыптасу тарихы: Негізгі бағыттар мен тармақтар (Лазурит, Нефрит жолдары).
3. Ежелгі мемлекеттер және Жібек жолы: Хань империясы, Парфия, Кушан патшалығы және Рим арасындағы байланыстар.
4. Түркі қағанаттары және Жібек жолының гүлденуі: Ұлы Дала мемлекеттерінің транзиттік рөлі.
5. Орталық Азияның ортағасырлық қала мәдениеті: Отырар, Тараз, Испиджаб және Баласағұн – мәдениет ошақтары.
6. Жібек жолындағы тауар айналымы: Жібек, дәмдеуіштер, қағаз және фарфор технологияларының таралуы.
7. Діндер диалогы: Буддизм, христиандық, манихейлік және Ислам дінінің таралу жолдары.
8. Ұлы Жібек жолындағы ғылым мен білім: «Шығыс Ренессансы», әл-Фараби, ибн Сина, Бируни еңбектері.

9. Көшпелілер өркениетінің Жібек жолына әсері: Әскери технологиялар, ат әбзелдері және киіз үй мәдениеті.
10. Өнер мен сәулет өнері: Жібек жолы бойындағы кесенелер, керуен-сарайлар мен мешіттердің стилі.
11. Ұлы географиялық ашылулар және Жібек жолының құлдырауы: Теңіз жолдарының маңызының артуы.
12. Моңғол империясы кезеңіндегі Жібек жолы: «Рах Mongolica» және сауданың жаңа қарқыны.
13. Дипломатия және халықаралық қатынастар: Елшілердің сапарлары (Чжан Цянь, Марко Поло, Вильгельм Рубрук).
14. Ұлы теңіз жолдарының ашылуы: Құрлықтағы сауда жолының құлдырауының себептері мен салдары.
15. Қазіргі заманғы «Жаңа Жібек жолы»: «Бір белдеу – бір жол» жобасы және геосаяси маңызы.

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- Ортағасырлық археологиялық ескерткіштері білу;
- Ортағасырлық археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихын білу;
- Ортағасырлық археологиялық ескерткіштерді ажырата білу;
- Ортағасырлық мәдениеттердегі ерекше айырмашылықтарды анықтай білу.

Әдебиеттер тізімі

- Байпаков, К.М. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. — Алматы: Арыс, 2007. — 254 б.
- Марғұлан, Ә.Х. Ежелгі қалалар мен құрылыстар тарихынан. (Көп томдық шығармалар жинағы, 3-том). — Алматы: Атамұра, 2003. — 384 б.
- Бартольд, В.В. История культурной жизни Туркестана. (Шығармалар жинағы, 2-том, 1-бөлім). — Москва: Издательство восточной литературы, 1963. — 1020 с.
- Хазанов, А.М. Кочевники и внешний мир. — Алматы: Дайк-Пресс, 2002. — 604 с.
- Frankopan, Peter. The Silk Roads: A New History of the World. — London: Bloomsbury Publishing, 2015. — 656 p.
- Bentley, Jerry H. Old World Encounters: Cross-Cultural Contacts and Exchanges in Pre-Modern Times. — Oxford: Oxford University Press, 1993. — 252 p.
- Wood, Frances. The Silk Road: Two Thousand Years in the Heart of Asia. — Berkeley: University of California Press, 2002. — 270 p.
- Bloom, Jonathan M. Paper Before Print: The History and Impact of Paper in the Islamic World. — New Haven: Yale University Press, 2001. — 320 p.
- Foltz, Richard. Religions of the Silk Road: Premodern Patterns of Globalization. — New York: Palgrave Macmillan, 2010. — 190 p.
- Whitfield, Susan. Life Along the Silk Road. — London: John Murray, 1999. — 256 p.
- «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» (Қасиетті Қазақстан энциклопедиясы). — Астана: Фолиант, 2017. — 496 б.
- UNESCO. History of Civilizations of Central Asia (6 volumes). — Paris: UNESCO Publishing, 1992–2005.
- Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга I: Урбанизация Казахстана в эпоху бронзы и раннем средневековье. Алматы, 2012.
- Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга II: Урбанизация Казахстана в IX-начале XIII в. Алматы, 2013.
- Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древние города Казахстана. Алма-Ата, 1971.
- Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А. Раннесредневековые некрополи Южного Казахстана. Алматы, 2005.
- Байпаков К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан.

Алматы: Қазақстан, 1992. 208 б.

Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Досымбаева А. Батыс Түрік қағанаты. Қазақ даласының мәдени мұрасы. – Алматы, 2007.

Дреж Жан-Пьер. Марко Поло и Шелковый путь. М., 2006. 192 с.

Елеуов М. Қаратаудың ортағасырлық керуен жолдары. Түркістан, 2007.

Радкевич В.А. Великий Шелковый путь. М., 1990. 239 с.

Ртвеладзе Э. Великий Шелковый путь. Энциклопедический справочник. Древность и раннее средневековье. Ташкент, 1999. 280 с.

Ртвеладзе Э.В. Великий Индийский путь из истории важнейших торговых дорог Евразии. Спб., 2012. 296 с.

Хошимов М. Великий Шелковый путь и Центральная Азия. Туркестан: МКТУ, 2005. 284 с.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениет пен өркениет»

Форма: жазбаша (оффлайн). Платформа: Univer АЖ

Балл Критерилер	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттан а рлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	1 сұрақ. Максималды балл – 33 балл				
	30-33 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениет пен өркениеті бойынша зерттеу саласындағы негізгі білімді түсіну. Сұрақтың теориялық негіздерін түсіндіру және түсіну	"Өте жақсы" деген баға Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениет пен өркениеті мәселесін талдап, ғалымдардың еңбектерін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, сұраққа толық	"Жақсы" деген баға жауаптық, бірақ кейбір мәселелер камтылмаған, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде кате жіберілген. Жауапта стилистикалы қ кателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұраққа толық жауаптың жазылмауы, негізгі дерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтың мазмұнын	Қойылған сұраққа дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

	жауап жазу.	мүмкін.	ашпайды.		
2 сұрақ. Максималды балл – 33 балл					
Балл Критерилер	30-33 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Білім мен әдістемелерді қолдану, зерттеу саласындағы мәселелерді шешуді негіздеу. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениет пен өркениеті мәселелерін ұғынуы.	Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениет пен өркениетіне қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
3 сұрақ. Максималды балл – 34 балл					
Балл Критерилер	30-34 балл	23-29 балл	15-22 балл	8-14 балл	0-7 балл
Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдениет пен өркениеті мәселесін түсіндіруге, бағалауға, тәжірибеде қолдануға қабілеттілігі.	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Археологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалдың пайдалануда дәлсіздікке, жалпылау ментуралы тұжырымдардағы кішігірім нақты емес қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы ментуралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл